

ӘОЖ 070.16:316.324

**Жаһандану жағдайында жаңалық тарату қызметінің негізгі тенденциялары
(«Euronews» және «Хабар 24» телеарналарының материалдары негізінде)**

Оспанова Айнура Тулегеновна,
Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану факультеті
«Журналистика және репортерлік іс» мамандығының 1-курс магистранты
4medinasmom@gmail.com
Ғылыми жетекші: доцент, PhD Ибраева Эльмира Ерікқызы
astana07@yandex.ru

Жаһандану – қандай да бір үдерістің, іс-әрекет барысының, мәдени-әлеуметтік феноменнің бүкіләлемдік деңгейде көрініс тауып, маңызға ие болуын білдіретін ұғым.

Еліміздегі БАҚ-тың қалыптасу үрдісіне де жаһанданудың ықпалы зор болғаны анық.

Бүгінде адамзат өркениетінің даму кезеңі ғаламтор желісінің мүмкіндіктерін толықтай пайдалануды талап етеді. Сол себепті интернет технологиясын жіті меңгеру шығармашылық қызметтің маңызды бөлігі болып табылады.

Радио және телетаралымды қарапайым теле-радиоэфирден сандық желіге көшіру заман талабына айналды. Көптеген радиостанция мен телеарна интернет кеңістігіне ауысып, таралу көкжиегін кеңейте бастады. Жаңалық ағынының көбеюіне байланысты БАҚ-қа ақпараттарды жедел тарату қажеттілігі туындады.

Ендігі ретте газет беттерін ақтарып, теледидарға телміріп, радиоқабылдағыштың дауысын бәсеңдетіп жатудың қажеті жоқ. Ұялы байланыс құралын қолға алып, қажетті батырманы немесе сілтемені басып, өзімізге қызықты ақпаратты алу мүмкіндігіне қол жеткіздік.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қарыштап дамуына байланысты тың әрі соны мәліметтер қолжетімді болып, әрбір азамат «ақпараттық мұқтажың» оп-оңай қанағаттандыра алатын дәрежеге жетті. Сан алуан жаңалықтардың арасынан өзіңе қажеттіні

таңдап алсаң болғаны. Ақпарат – журналистің басты қаруы. Сол себепті БАҚ қызметкерлеріне көштен қалмай, актуалды жаңалықты бәрінен бұрын беруге ұмтылу міндеттеледі.

2005 жылы жарыққа шығып, 2011 жылы қайта толықтырылып оқырманына ұсынылған австралиялық медиаторлар Джейсон Бейнбридж, Никола Гок және Лиз Тайнанның «Медиа және журналистика» атты оқулық кітабының бүтін бір тарауы «Жаңалық дайындау» тақырыбына арналған. Авторлар ең әуелі «Жаңалық» терминіне анықтама беру үшін оның құндылығына тоқталып өтеді.

1960 жылдары Галтунг пен Руге атты Норвегия ғалымдары жаңалық құндылығының негізін қалайтын элементтерді анықтап берді. Олар ақпараттың жаңалыққа айналуына ықпал ететін критерийлердің тізімін, сондай-ақ, жаңалық фрагментінің жариялауға тұрарлық деп шешуіне ықпал ететін шарттарға тоқталып өтті. Олар: ықпал, жақындық, танымалдық, адам қызығушылығы, жаңашылдық, конфликт, өзектілік. [1,25-6]

Журналист өз оқырманына жаңалық ұсынар алдында ең әуелі ақпараттың ықпалына қарайды. Яғни орын алған оқиға ел тұрғындарына, жалпы қоғамға қалай әсер етті? Оқиғаның салдарына ерекше мән береді.

Ақпараттың жаңашылдығына байланысты саралаған сәтте, оқиғаның қаншалықты сирек кездесетініне, ерекшелігіне аса көңіл аударылады. Мәселен, 1978 жылы Ұлыбританияда Луиза Браун экстракорпоральді ұрықтандыру арқылы дүниеге келген алғашқы сәби болғанда, оның ата-анасы, медицина қызметкерлері туралы ақпарат өзінің сонылығымен, ерекшелігімен әлем назарын аударған болатын. [1,56-6]

Жақындық принципіне байланысты жаңалықты таратқан кезде, назарға оқиғаның оқырманына қаншалықты қатысы бар, оның өміріне тигізер әсері тікелей ме, әлде жанама ма соған мән беріледі.

Танымалдылық шарты, аты айтып тұрғанындай, оқиғаның танымал адамдарға қатысы бар, жоғына байланысты жазылады.

Адам қызығушылығына қатысты шарт дегенде адамдардың мүддесін қорғайтын, әлеуметтік тұрғыда маңызды әрі қызықты деп саналатын ақпаратты даярлауды айтады. Ал егер ақпарат конфликт тудырса, жаңалық жаршылары оны тез арада жариялауға ұсынады. Конфликт шешімі беймәлім, ақыры немен бітетіні белгісіз оқиғалар туралы баяндайды.

Ақпаратты медиада жариялаған кезде оның өзектілігіне ерекше назар аудару – басты шарт. Актуалды ақпарат өзгелеріне қарағанда, анағұрлым құнды. Адамның өзегін жарып, көкейінде тұрған проблеманы күн назарына қою, екшелеп алу жаңалық оқылымының көрсеткішін күрт шарықтатып жіберетіні айқын.

Австралия журналистері жаңалықты құндылығына байланысты осылайша сүзгіден өткізіп, оқырманы, тыңдарманы, көрерменіне жеткізуді ұсынады. Бұл - шетел журналистикасының ақпарат даярлаудағы басты принциптері. [1,73 –6]

Ғылыми диссертацияда Еуропаның тәулік бойы ақпарат тарататын алпауыт телеарнасы Euronews, нақтырақ айтқанда, ресейлік филиалының журналистері даярлаған жаңалықтар легі мен отандық аналогымыз, еліміздегі басты жаңалық жаршыларымыздың бірі «Хабар 24» телеарналары ұсынған материалдарды салыстыра отырып, жаһандану жағдайындағы жаңалық тарату қызметінің негізгі тенденцияларына тоқталу басты назарға алынған-тын. Сол арқылы бүгінгі ақпарат тарату сипатының қаншалықты трансформациядан өткенін көруге болатынын түсіну міндеттелді. Сондай-ақ, алдымызда Euronews-тың әр түрлі тақырыптардағы мақалаларын өз оқырмандарына ұсыну әдістерін зерделей отырып, керегімізді түртіп алуға әрекет жасау мақсаты тұр.

Мәселені тарқатпас бұрын жоғарыда аталған Euronews телеарнасына қысқаша тоқталып өтейік. Euronews - Еуропаның тәулік бойы хабар тарататын ақпараттық телеарнасы. Ол әлемдік

дәрежедегі оқиғалардың бейне мұрағаты мен 13 тілдегі аудиокомментарийлерді қамтиды. Негізі 1993 жылдың 1 қаңтарында қаланған. 2009 жылы арнаның кабелді, спутниктік, эфирлік көрсетілімі әлемнің 150 елінің 294 млн тұрғынына жол тартты. [2]

Euronews редакциясы өзінің басты позициясын іргесі қаланған сәтте-ақ межелеп алған болатын. Олар ақпаратты беруде тәуелсіз болып, бейтараптылықты ұстануды назарға алды. Саяси және экономикалық қысымнан тәуелсіз болғандықтан, конфликтіге қатысы бар екі тарапты да қолдаудан бойын аулақ ұстайды.

Мәлімет таратуда жаңалық пен комментарийлердің ара жігін нақты бөліп алады. Телеарна мәртебесінің жоғары болуына саяси, тіпті діни көзқарастарға деген төзімділік принципі, кәсіби этиканың нормаларынан аттамауы ықпал етеді.

Euronews еуропалық көзқарас тұрғысынан актуалды әлемдік оқиғаларды тілге тиек етеді. Төтенше ақпарат оқиға орнынан тікелей қосылым форматында оперативті түрде беріледі. Жарты сағат сайын жаңалықтар жаңартылып, қоғамдық-саяси, қаржы саласындағы жаңалықтар, спорт шежірелері, еуропалық билік органдарының жұмысы және Еуропа мен әлемдегі ауа райы болжамына дейінгі мәліметтер ұсынылады. Сондай-ақ мәдениет, ғылым мен озық технологиялардың дамуы, қоршаған ортаны қорғау, Еуропа аумағы тұрғындарының өзекті проблемалары басты назарға алынады.

Ал еліміздегі басты жаңалық жаршыларының бірі «Хабар 24» арнасы 2016 жылдың 1 қыркүйегінен бастап көрерменге жол тартты. Бүгінде арна эфирінде сапалы сараптамалық бағдарламалардың қатары ұлғайып, репортаж жанрындағы бағдарламалардың үлесі артты. Сонымен қатар, аймақтардың тыныс-тіршілігі туралы жобалар көбейіп келеді. Арнаның экономика, спорт, халықаралық және баспасөзге шолу, арнайы авторлық репортаждар, әлемде, қоғам, заң жобасы, оқиға, саясат, білім және ғылым, мәдениет секілді тақырыптарға арналған тұрақты айдарлары бар.

Сондай-ақ, бағдарламалары 100% отандық өндірушілердің жобасы болып табылады. Олардың арасында ақпараттық-танымдық және сараптамалықтары бар.

Бұл жерде айта кететіні, бүгінгі техникалық прогресс заманында ақпаратқа мұқтаж әр азамат теле қорапшаға тәуелді емес. Яғни телекөрсетілімнің өзін арнаның ресми сайты арқылы онлайн қарап, еліміздегі және әлемдегі өзекті жаңалықтармен хабардар болып отыруға болады.

Екі арнаның да «Әлемде» атты маңызды айдарларының бірінде соңғы уақытта жарияланған жаңалықтар легін саралап көрелік.

Байқасаңыз, әлемді жайлаған аты жаман індетпен адамзат атаулының күресі туралы ақпарат-алдыңғы шепте.

Мәселен, Euronews арнасының «Мир» айдарымен эфирге шыққан Ирина Александрова есімді журналистің «Безработица в Европе: кто заплатит за карантин?» атты мақаласында өте актуалды мәселе көтерілген. Пандемия жағдайындағы карантин салдарынан Еуропада жұмыссыздық дендеп баратынын айтқан автор, өндіріс орындары мен компаниялардың «күн астындағы орынға» таласын ашынып баяндады. Көптеген ұйымдар жұмысшыларының санын қысқартып, салдарынан жұмыссыздық деңгейі 9,3 % жеткеніне налиды. Британия, Германия тұрғындарының карантин жағдайындағы хал-ауқаты, көңіл күйі сипатталып, Еурокеңестің бизнеске 100 млрд евро бөлгені айтылады.

«Хабар24» арнасының «Лос-Анджелестің миллиондаған тұрғыны далада қалуы мүмкін» атты жаңалығында шаһардың құқық қорғаушылар қауымдастығы аймақта наразылық акциясын ұйымдастырғаны жайлы сөз болады.

Белсенділер үкіметтен пәтер үшін алынатын жалдау ақысының төленуін кейінге шегеріп, үйсіз жүргендерді қонақүйлерге орналастыруды талап еткені баяндалды. Ереуілге шыққандар

оқшаулану талабын сақтау үшін наразылық акциясына өз көліктерімен және терезелеріне плакаттар іліп, темір тұлпарларының дабылын басқанын баса айтты автор.

«Меры предосторожности в роддомах Парижа» мақаласында індеттің кесірінен тоғыз ай құрсақта көтеріп, құшағына алу үшін күн санап жүрген ата-аналардың нендей қиын жағдайға тап болғанын жазады. Дүние есігін енді ашқан шақалақтың анасынан ажыратылып, тесттің нәтижесі шыққанға дейін оқшауланатыны жайлы хабарланады. Тест ауруды анықтаса, бұл уақытша айырылысу 14 күнге дейін созылатыны айтылған. Абырой болғанда, аналардың барлығы дін амандығын алға тартқан автор, аурудан сақтанудың амалдарын тізбектеп өтеді.

«Грузияда төтенше жағдай режимін бұзғандар жазаланады» деген тақырыпта жарияланған ақпараттық материалда Грузияда бір тәуліктің ішінде карантин ережесін бұзған 700-ден астам адамға айыппұл салынғаны хабарланады. Елде коменданттық сағат енгізілгенімен, заң-талапқа бағынбайтындардың бассыздығы сыналады.

Кнарик Хачатрян қаламынан туындаған «Бары уходят в интернет» атты материалда Санкт-Петербург қаласының тұрғыны Ходунованың мейрамханаларға бармай-ақ, үй жағдайында дәмді ас пісіріп, өзі сияқты карантинде отырған достарымен видео конференция режимінде онлайн-барда кездесу ұйымдастыратыны жазылған. «Азаматтық ұстанымымды танытып, үйден екі елі аттамаймын» деген бикеш, онлайн-барға әлемнің әр түкпірінен ғаламтор пайдаланушылары кіріп, әңгіме-дүкен құратынын мәлімдеді. Басынан халықаралық жоба ретінде ұйымдастырылмақшы болған онлайн-бардың тіпті сусын құйып отыратын бармені бар екен. Ғажап!

Ақпараттық материалдарды саралай отырып мынаны түйдім. Euronews-те жарық көрген материалдардың көбінен журналистік зерттеу байқалады. Әр материалдың өз кейіпкері болады. Және оқиға сол кейіпкер төңірегінде өрбиді. Жалпылама сөздер жиі ұшыраспайды. Ойы нақты, сөзі тұшымды. Әрине, әлем бойынша жекеменшік тілшілері бар Euronews-пен өзімізді қатар қою әбестік болар. Алайда, отандық арнамыздың да өз оқырмандарына ұсынатын өнімі - сапалы. Әлемдік жаңалықтардың көбі өзге ресурстардан аударылып берілгенімен, сауатты жазылып, өзекті проблемалар көтеріліп жатыр.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ж.Бейнбриж, Н.Гок,Л.Тайнан «Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас», Ұлттық аударма бюросы – Астана, 2019.
2. Euronews ақпараттық телеарнасының ресми сайты.
3. «Хабар 24» цифрлық телеарнасының ресми сайты.